



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2024 жылғы 13 қараша

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот төрағасы А.А.Дронов,
баяндамашы судья А.А. Забара, судьялар А.М. Ажибраимова, Э.В. Айриян,
Д.П. Александров, Е.Ж. Исмаилов, М.Т. Кайыпов, А.Б. Кишкембаев,
Н.В. Павлова, А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы М.А. Наумчиктің қатысуымен,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 68, 69, 96-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 14, 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің өтініші бойынша 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелерін түсіндіру туралы консультативтік қорытынды ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрақтары

1. Қазақстан Республикасының атынан Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) жүгінді.

Соттың Үлкен алқасының 2024 жылғы 15 шілдедегі қаулысымен түсіндіру туралы өтініш мынадай мәселелер бөлігінде іс жүргізуге қабылданды:

- Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ, ЕАЭО) құқығына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі - Комиссия) бір көзден не жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу жүзеге асырылған жағдайда тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуда монополиялық жоғары бағаны белгілеу жөніндегі өкілеттіктер берілген бе немесе Шарттың 76-бабының ережелері сатып алуды қоспағанда, тауар нарығында монополиялық жоғары бағаны белгілеуге, ұстап тұруға ғана қатысты ма?

- Одақ құқығына сәйкес «сатып алу» «тауар нарығы» деп танылуы мүмкін бе?

2. Шарттың 8-бабының 2-тармағының және 19-бабының 2-тармағының, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (Шартқа №2 қосымша; бұдан әрі – Сот Статуты) «Соттың құзыреті» деген IV тарауының, Жоғары Еуразиялық

экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 10 және 73-баптарының ережелерін жүйелі түсіндіруді негізге ала отырып, Соттың Үлкен алқасы Сотқа Одақ құқығының Шартпен және ЕАЭО шеңберіндегі халықаралық шарттармен оның құзыретіне жатқызылған ережелерін ғана түсіндіруге өкілеттік берілгенін атап өтеді.

Соттың Үлкен алқасы Соттың консультативтік қорытындысында Одақ құқығы нормаларының (Сот Статутының 2-тармағы) біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету жөніндегі Сот қызметінің мақсатына қол жеткізу үшін өтініш берушінің сұрақтарына жауаптар Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдарының шешімдерінің тиісті ережелерін толық көлемде түсіндіретіндей түрде және осындай тәртіппен баяндалуы мүмкін деп санайды.

Өтініш берушінің сұрақтарының мазмұнын, олардың логикасы мен өзара байланысын ескере отырып, оларға жауап беру үшін осы іс шеңберінде зерттеуге жататындар:

- біріншіден, «тауар нарығы» және «сатып алу» ұғымдарының арақатынасы, олардың анықтамалары тиісінше Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 19 қосымша) 2-тармағының 19-тармақшасында және Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың (Шартқа № 25 қосымша) 2-тармағының төртінші абзацында берілген;

- екіншіден, Комиссияның Шарттың 76-бабы 1-тармағының 1-тармақшасында көзделген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі, оның ішінде бір көзден не жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алуды қоса алғанда, мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға қатысты өкілеттіктерінің көлемі.

Осылайша, осы іс бойынша Шарттың 76-бабының, Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 2-тармағының 19-тармақшасының, Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың 2-тармағының төртінші абзацының ережелері түсіндірілуге жатады.

3. Істі Сот Регламентінің 75-бабының тәртібімен қарауға дайындау шеңберінде өтініш беруші қойған сұрақтар бойынша жоғары сот инстанциялары мен мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының құзыретіне бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатты іске асыру, сатып алу саласындағы реттеу мен бақылау кіретін, сондай-ақ Комиссияның Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы ретіндегі ұстанымы қосымша мәліметтері мен пікірлері сұратылды.

Тиісті ақпаратты Сотқа Армения Республикасының Кассациялық соты, Армения Республикасының бәсекелестікті қорғау жөніндегі комиссиясы, Беларусь Республикасының Жоғарғы Соты, Беларусь Республикасының монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі, Қырғыз Республикасының Жоғарғы Соты, Қырғыз Республикасының Қаржы министрлігі, Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрлігі жанындағы монополияға қарсы реттеу қызметі, Ресей Федерациясының Жоғарғы Соты, Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы, Еуразиялық экономикалық комиссия берді.

II. Соттың қорытындылары

4. Сот Статутының 50-тармағын басшылыққа ала отырып, Соттың Үлкен алқасы сот төрелігін жүзеге асыру кезінде, оның ішінде Шарттың ережелерін түсіндіру кезінде жалпыға бірдей танылған халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларын, Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақ органдарының шешімдері мен өкімдерін, құқықтық норма ретінде танылған халықаралық әдет-ғұрыпты жалпыға бірдей практиканың дәлелі ретінде қолданады.

1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының «Түсіндірудің жалпы қағидасы» деген 31-бабына сәйкес халықаралық шарт шарттың терминдеріне олардың контекстінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарын ескере отырып берілетін әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуге тиіс.

5. 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартпен өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылатын Одақ құрылды (Шарттың 1-бабы).

Шарттың 5-бабының 1-тармағына сәйкес Одаққа шарт пен Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген шектер мен көлемдерде құзырет беріледі. Тек көрсетілген шекараларда нарықтағы бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары, сондай-ақ мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу мәселелері оның органдарымен реттеледі.

Мәселен, Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша) 3-тармағына сәйкес Комиссия өз қызметін бәсекелестік саясат (9-тармақша) және мемлекеттік және (немесе) муниципалдық сатып алу (13-тармақша) сияқты салаларды қоса алғанда, Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Шарттың 3-бабына сәйкес Одақ өзінің қызметін осы Шартқа сәйкес оған мүше мемлекеттер берген құзыреті шегінде осы бапта берілген қағидаттардың негізінде жүзеге асырады. Осы қағидаттардың негізінде Одақ органдары да жұмыс істейді (Шарттың 8-бабының 3-тармағы).

Әмбебап сипатқа ие және ЕАЭО-ның қарауына жатқызылған экономика салаларындағы әртүрлі қатынастарды жүйелі құқықтық реттеуді қамтамасыз ететін негізгі қағидаттардың ішінде Шарттың 3-бабында нарықтық экономика және адал бәсекелестік қағидаттары аталған.

ЕАЭО кеңістігінде нарықтық экономика және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау Еуразиялық экономикалық интеграцияны одан әрі дамытудың, мүше мемлекеттердің экономикасын нығайтудың, олардың үйлесімді дамуы мен жақындасуының міндетті шарттарының бірі болып табылады. Бұл ретте адал бәсекелестік қағидаты Шарттың 4-бабында санамаланған мақсаттардың әрқайсысымен: мүше мемлекеттер экономикаларының халықтың өмір сүру деңгейін арттыру мүддесінде олардың тұрақты дамуы үшін жағдайлар жасаумен; Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылумен; жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғыртумен, кооперациялаумен және бәсекеге қабілеттілігін арттырумен тікелей өзара байланысты.

Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды реттеу бөлігінде Одақ құқығы деңгейіндегі мұндай тәсілдеме Шарттың 88-бабы 1-тармағының оныншы абзацында бекітілген, оған сәйкес бәсекелестікті дамыту аталған қатынастарды реттеудің мақсаттары мен қағидаттарына жатқызылған.

Халықаралық шартты түсіндірудің жалпы қағидасын ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы өтініш беруші сұрайтын Шартты түсіндіру оның ережелерінің жүйелі өзара байланысында, олардың контекстінде, сондай-ақ Шарттың объектісі мен мақсаттары ескеріле отырып жүзеге асырылуы тиіс деп негіздейді.

Шарттың 3-бабының, XVIII және XXII бөлімдерінің ережелері нарықтық экономика мен адал бәсекелестік қағидаттары бәсекелестіктің де, сатып алудың да жалпы ережелерінің құқықтық негізін қалыптастыратынын көрсетеді.

6. Қатынастары өзгелермен қатар мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды қамтитын тауар нарықтарында бәсекелестік (монополияға қарсы) құқықтың қолданылуы туралы мүше мемлекеттердің органдары да осы іс бойынша Соттың сұрау салуларына өз жауаптарында көрсетеді (Армения Республикасы Бәсекелестікті қорғау жөніндегі комиссиясының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі № 010109, Беларусь Республикасы Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігінің 2024 жылғы 20 тамыздағы № 14-01-08/1586 К, Қырғыз Республикасы Экономика және коммерция министрлігінің жанындағы монополияға қарсы реттеу қызметінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 07-2/1770, Ресей Федерациясы Бас прокуратурасының 30 2024 жылғы тамыз № 91/1-488-24 хаттары).

Олардың ұстанымына сәйкес, жалпы қағида бойынша мүше мемлекеттердің монополистік қызметке қарсы іс-қимыл және бәсекелестікті дамыту туралы заңнамасының нормалары бәсекелестіктің дамуын қамтамасыз етуге бағытталған және тауарларды сату (сатып алу), оның ішінде мемлекеттік сатып алу арқылы мәмілелер жасалатын барлық тауар нарықтарында қолданылады. Бұл нормалар бәсекелестік пен сатып алуды құқықтық реттеу мәніндегі айырмашылықтарға қарамастан, алып қоюсыз немесе шектеулерсіз толық көлемде қолданылады.

7. Осылайша, бәсекелестік (монополияға қарсы) саясатты және мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды реттеу, соның ішінде Шартта белгіленген нарықтық экономика мен адал бәсекелестік қағидаттары негізінде жүзеге асырылады. Осы қағидаттардың әрекеті қарастырылып отырған қатынастарды құқықтық реттеудің жүйелік өзара байланысын анықтайды.

Бұл ретте Соттың Үлкен алқасы өтініш берушінің сұрақтарын негізге ала отырып, осы іс бойынша Комиссияның нақ бәсекелестік саласындағы бақылау өкілеттіктерін түсіндіру қажет деп санайды. Одақтың мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу құқығын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі Комиссияның бақылау өкілеттіктері туралы Шарттың ережелерін түсіндіруді өтініш беруші сұрамайды.

Сонымен бірге Соттың Үлкен алқасы мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды оның уәкілетті органының қамтамасыз ететініне назар аударады (Шарттың 88-бабы 1-тармағының екінші және сегізінші абзацтары).

«Тауар нарығы» және «сатып алу» ұғымдарының арақатынасы туралы

8. Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 19 қосымша) 2-тармағының 19-тармақшасында тауар нарығын экономикалық, техникалық немесе өзге мүмкіндіктерге не орындылықты негізге ала отырып, шекараларында (оның ішінде географиялық) сатып алушы тауар сатып ала алатын және мұндай мүмкіндік не орындылық оның шегінен тыс жерлерде болмайтын, басқа тауармен алмастырылмайтын немесе бірін-бірі алмастыратын тауар айналымының саласы ретінде айқындайды.

Мұндай жағдайларда тауар нарығының жай-күйі, ондағы қалыптасқан жағдайлар осы нарықта тауарды сатып алу шарттарын қалыптастырады.

Өз кезегінде «тауар» сатуға, айырбастауға және айналымға өзге де енгізуге арналған азаматтық құқықтар объектісі (оның ішінде жұмыс, қаржы қызметін қоса алғанда, көрсетілетін қызмет) болып анықталады (Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 2-тармағының 18-тармақшасы).

Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың (Шартқа № 25 қосымша) 2-тармағының төртінші абзацына сәйкес «сатып алу» термині ретінде мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу, бұл арқылы тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы және мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларда, бюджет қаражаты, сондай-ақ өзге қаражат есебінен өзге де сатып алу, сондай-ақ сатып алу туралы шарттарды (келісімшарттарды) орындауға байланысты қатынастар түсініледі.

Бұл ретте «тапсырыс беруші» термині ретінде мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, бюджеттік ұйым (оның ішінде мемлекеттік (муниципалдық) мекемелер), сондай-ақ мүше мемлекеттің сатып алу туралы ұлттық заңнамасында айқындалған жағдайларда, осы заңнамаға сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын өзге де тұлғалар түсініледі (Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың 2-тармағының үшінші абзацы).

9. Соттың Үлкен алқасы Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 19 қосымша) 2-тармағы бірінші абзацының ережелеріне сәйкес «тауар нарығы» ұғымының анықтамасы осы Хаттаманың және Шарттың «Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары» деген XVIII бөлімінің мақсаттары үшін берілгенін атап өтеді.

Шарттың XVIII бөлімінің нысанасы мүше мемлекеттер аумақтарындағы бәсекелестікке қарсы әрекеттерді, екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарындағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестікке теріс әсер ететін әрекеттерді анықтауды және олардың жолын кесуді қамтамасыз ететін бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларын белгілеу болып табылады (Шарттың 74-бабының 1-тармағы).

Шарттың XVIII бөліміне сәйкес Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттама әзірленді, ол Шарттың көрсетілген бөлімін қолдану ерекшеліктерін, екі және одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарындағы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзғаны үшін айыппұл санкцияларын, Комиссияның трансшекаралық нарықтардағы

бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін (мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарымен өзара іс-қимылды қоса алғанда), мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының бәсекелестік (монополияға қарсы) заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру кезінде өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ, мемлекеттік баға реттеуді енгізу және мүше мемлекеттердің оны енгізу туралы шешімдеріне дау айтуды айқындайды.

«Сатып алу» ұғымының анықтамасы осы Хаттамада және Шарттың «Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу» деген XXII бөлімінде оның пайдаланылуына байланысты Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың 2-тармағында (Шартқа № 25 қосымша) баяндалған.

Соттың Үлкен алқасының пікірінше, реттеу мәні әртүрлі болатын «тауар нарығы», «тауар», «сатып алу» ұғымдарының анықтамалары Шарттың әртүрлі бөлімдері мен қосымшаларында берілуі жағдайлары оларды салыстыруға және салыстырмалы талдауға кедергі келтірмейді, өйткені Шарттың 6-бабына сәйкес Одақ құқығы біртұтас жүйені құрайды және, реттеудің белгілі бір салаларына қатысты арнайы нұсқаулар болмағанда Одақ құқығының актілерінде пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер бірыңғай мағынада қолданылуы тиіс.

10. «Тауар нарығы» және «сатып алу» ұғымдарының мазмұнын салыстырмалы талдау Соттың Үлкен алқасына екі ұғым да ортақ ұғымдық санат – тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу арқылы бір-бірімен үйлеседі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ұғымның мазмұнын негізге алғанда, «тауар нарығы» ұғымы шекараларында тауарды сатып алуға болатын тауардың айналыс аясын білдіреді және мұндай мүмкіндік немесе орындылық оның шегінен тысқары жерде болмайды, ал «сатып алу» - осындай тауарды сатып алу нысандарының бірі.

Соттың Үлкен алқасы Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың (Шартқа № 19-қосымша) 2-тармағының 19-тармақшасында «тауар нарығы» ұғымын ашу кезінде пайдаланылатын «сатып алушы» терминін тауарды сатып алатын кез келген тұлға сияқты әдеттегі мағынада түсіндірілуі тиіс деп санайды, өйткені Шарттың мазмұнынан қатысушы мемлекеттердің бұл терминге ерекше мән беру ниеті көрінбейді. Шарттың контекстінде бұл термин өзінің мазмұндық мәні бойынша «тапсырыс беруші» терминінен кеңірек, ол Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың (Шартқа № 25 қосымша) 2-тармағының үшінші және төртінші абзацтарында айқындалады және пайдаланылады. Бұл ретте «сатып алушы» терминінің мазмұны мемлекеттік органдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, бюджеттік ұйымдарды, сондай-ақ тауарларды сатып алу арқылы сатып алатын өзге де тұлғаларды қамтиды.

Сондай-ақ, Соттың Үлкен алқасы «тауар нарығы» ұғымын анықтауда сөз болып отырған тауарды сатып алу «сатып алу» ұғымын анықтауда көзделген бюджет және өзге де қаражат есебінен ғана сатып алуды қаржыландыру мүмкіндігімен шектелмейтінін атап өтті.

Осылайша, «тауар нарығы» ұғымы (Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 2-тармағының 19-тармақшасы (Шартқа № 19 қосымша)) оның шегінде осы тауар сатып алынуы мүмкін тауардың

айналасының аясы ретінде сатып алушының құқықтық жағдайының белгісі және сатып алуды қаржыландыру көзі бойынша шектеулерді қамтымайды. Бұл ретте Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың (Шартқа № 25 қосымша) 2-тармағының үшінші және төртінші абзацтарындағы «тапсырыс беруші» және «сатып алу» ұғымдарының анықтамаларын ескере отырып, тапсырыс берушінің сатып алу арқылы тауарды сатып алуы тиісті тауар нарығында жүзеге асырылады.

11. Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың 4 және 10-тармақтарына (Шартқа № 25 қосымша) сәйкес бір көзден не жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу сатып алуды жүргізу тәсілдерінің бірі болып табылады және Хаттамаға № 3 қосымшада көзделген жағдайларда № 1 қосымшаның 10-тармағында көрсетілген шарттың бағасын есептеу және негіздеу туралы талаптар ескеріле отырып жүзеге асырылады. Мүше мемлекет өзінің сатып алу туралы заңнамасында осы қосымшада көзделген тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қысқартуға құқылы (Хаттаманың 10-тармағының екінші абзацы).

Өзінің мәні бойынша бір көзден немесе жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу рәсімі мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіні (орындаушыны, мердігерді) таңдау тәсілі болып табылады, онда тапсырыс беруші өзі айқындаған бір ғана әлеуетті өнім берушіге (орындаушыға, мердігерге) шарт жасасуды ұсынады. Бір көзден не жалғыз өнім берушіден (мердігерден, орындаушыдан) сатып алу туралы ақпаратты орналастыруға қойылатын талаптар мүше мемлекеттің сатып алу туралы заңнамасында белгіленеді (Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттамаға № 1 қосымшаның 10-тармағының екінші абзацы).

Соттың Үлкен алқасы тауарды мемлекеттік (муниципалды) сатып алу, оның ішінде бір көзден немесе жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алу жеке тауар нарығы болып табылмайтынын айтады. Сондай-ақ, Шартта сатып алу арқылы сатып алынатын тауарларды осы тауар айналысқа түсетін тауар нарығының жалпы көлемінен алып тастау көзделмейді.

Трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында әзірленген Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 30 қаңтардағы № 7 шешімімен бекітілген Бәсекелестіктің жай-күйін бағалау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) мұндай ерекшеліктерді қамтымайды.

Әдістеменің 37-тармағына сәйкес тауар нарығының көлемін және нарықтағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің үлесін есептеу үшін негізгі көрсеткіш сату көлемі болып табылады. Әдістемеде көзделген өзге де көрсеткіштерді сату көлемін белгілеу мүмкін болмаған не тауар нарығының ерекшеліктеріне байланысты олар шаруашылық жүргізуші субъектілердің тауар нарығындағы жағдайын бәсекелестік тұрғысынан неғұрлым дәл сипаттауға мүмкіндік берген жағдайларда пайдалануға жол беріледі.

Әдістеменің 39-тармағына сәйкес ақпараттың болуына байланысты тауар нарығының көлемі:

а) тауар нарығында әрекет ететін шаруашылық жүргізуші субъектілердің тауарды сату көлемінің сомасы. Бұл ретте бір тауарды қайта есепке алуға жол

берілмейді;

б) тауарды тиісті аумақтан әкету (экспорттау) көлемдерін шегергенде және тауарды тиісті аумаққа әкелу (импорттау) көлемдерін қоса отырып, тауар нарығының географиялық шекараларындағы тауарды өндіру көлемдерінің сомасы (оны өндіру процесінде тауарды тұтынуды және қорлар көлемін шегергенде);

в) тауар нарығында әрекет ететін сатып алушылардың тауарды сатып алу көлемдерінің сомасы, ол соның ішінде:

бөлшек тауар айналымының орташа сауда үстемесінің мөлшеріне түзетілген көлемі (көтерме сауда нарықтары үшін);

қажет болған жағдайда тұтыну нормаларына нақты қол жеткізу дәрежесіне түзете отырып, жан басына және халық санына шаққандағы тауарды тұтынудың негізделген нормаларын шығару (мысалы, сатып алушылар саны көп бөлшек тауар нарықтары үшін) ретінде айқындалады.

Осылайша, Шарттың ережелерін дамытуда Әдістеме зерттелетін тауар нарығының көлемінде оны сатып алу нысандарына қарамастан тауарды сатудың/сатып алудың барлық көлемін ескеруді міндеттейді.

Бұдан басқа, Соттың Үлкен алқасы тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін бағалау кезінде мемлекеттік және муниципалдық қажеттіліктер үшін тауар жеткізушілерді тауар нарығына кіру үшін әкімшілік шектеу (кедергі) ретіндегі конкурстық іріктеу шарттарын зерттеу қажеттілігін атап өтеді, бұл Әдістеменің 43 және 44-тармақтарында көзделген. Мұндай көрсеткішті енгізу сонымен қатар тауар нарығындағы тауар айналымының нысаны осы нарықты бағалау кезінде бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларын қолдануды шектемейді деген тезисті растайды.

Соттың Үлкен алқасының пікірінше, мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу арқылы сатып алынатын тауардың нақты тауар нарығының жалпы көлемінен шығарылуы осындай тауар нарығындағы бәсекелестікті бағалаудың бұрмалануына әкеп соғады.

12. Баяндалғанның негізінде Соттың Үлкен алқасы Шарттың нормаларын қолдану мақсатында тауар нарығы деп тауардың айналым саласын түсіну керек, ал оларды өткізудің жеке тәсілі ретіндегі бір көзден немесе жалғыз өнім берушіден (орындаушыдан, мердігерден) сатып алуларды қоса алғанда, мемлекеттік (муниципалдық) сатып алулар осы тауар нарығы шеңберіндегі тауарларды сатып алу нысандарының бірі болып табылады деген қорытындыға келеді. Бұл ретте тауар нарығының жай-күйі және ондағы қалыптасқан жағдайлар тиісті тауар айналымының шарттарын қалыптастыратынын, бұл өз кезегінде осындай тауар нарығында жасалатын мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуларға әсер етуі мүмкін екенін ерекше атап өту қажет.

Комиссияның Шарттың 76-бабы 1-тармағының 1-тармақшасында белгіленген тыйым салуды бұзушылықтың жолын кесу жөніндегі өкілеттіктері туралы

13. Шарттың 76-бабының 7-тармағында мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің (нарық субъектілерінің), сондай-ақ мүше мемлекеттердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын жеке тұлғалары

мен коммерциялық емес ұйымдарының Шарттың XVIII бөлімінде белгіленген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзуының жолын кесуді, егер мұндай бұзушылықтар, қаржы нарықтарын қоспағанда, екі және одан да көп мүше мемлекет аумағындағы трансшекаралық нарықтағы бәсекеге теріс әсер ететін болса немесе әсер етуі мүмкін болса, Комиссия Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамада (Шартқа №19 қосымша) көзделген тәртіппен жүзеге асыратыны көзделеді.

Шарттың 76-бабының 1-тармағында нәтижесі бәсекелестікке жол бермеу, оны шектеу, жою және (немесе) басқа тұлғалардың мүдделеріне қысым жасау болып табылатын немесе болып табылуы мүмкін үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) әрекетіне (әрекетсіздігіне) тыйым салынады. Нормада шаруашылық жүргізуші субъектінің осындай әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) ашық тізбесі, оның ішінде тауардың монополиялық жоғары немесе монополиялық төмен бағасын белгілеуге не ұстап тұруға тыйым салу (1-тармақша) келтіріледі.

Бұл ретте шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) деп өзіне табыс әкелетін қызметті жүзеге асыратын коммерциялық ұйым, коммерциялық емес ұйым, дара кәсіпкер, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес кәсіби табыс әкелетін қызметі мемлекеттік тіркелуге және (немесе) лицензиялануға жататын жеке тұлға түсініледі (Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 2-тармағының 20-тармақшасы).

Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 2-тармағының 7-тармақшасына орай үстем жағдай деп белгілі бір тауар нарығындағы шаруашылық жүргізуші субъектінің (нарық субъектісінің) оған тиісті тауар нарығындағы тауар айналымының жалпы шарттарына шешуші ықпал етуге және (немесе) осы тауар нарығынан басқа шаруашылық жүргізуші субъектілерді (нарық субъектілерін) жоюға және (немесе) осы тауар нарығына басқа шаруашылық жүргізуші субъектілердің (нарық субъектілерінің) қол жеткізуін қиындатуға мүмкіндік беретін осындай жағдайы үстем жағдай деп есептелуі тиіс.

Өтініш берушінің сұрағының сөзбе-сөз тұжырымдамасын назарға ала отырып, Соттың Үлкен алқасы Шарттың 76-бабының 7-тармағында және Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың ережелерінде айқындалған Комиссияның құзыретін ескере отырып, Комиссияның өкілеттіктері тауар бағасын монополиялық жоғары немесе монополиялық төмен белгілеуді не қолдауды қоса алғанда, жоғарыда аталған нарық субъектілерінің тыйым салынған мінез-құлық фактілерін анықтауға және жолын кесуге бағытталғанын атап өту қажет деп санайды.

Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларын белгілеу мақсаттары үшін, егер осы баға осындай тауарды өндіру және өткізу үшін қажет шығыстар мен пайда сомасынан, Одақ немесе оның шегінен тыс жерлердегі аумақта мұндай нарық болған кезде тауарды сатып алушылар немесе сатушылар құрамы, тауар айналымының шарттары, тауар нарығына кіру шарттары, салық салу және кедендік-тарифтік реттеуді қоса алғанда, мемлекеттік реттеу бойынша тауар нарығындағы (бұдан әрі - салыстырмалы тауар нарығы) бәсекелестік жағдайларда қалыптасқан бағадан асып кетсе, үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) белгілеген баға монополиялық жоғары

болып табылады (Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 2-тармағының 12-тармақшасы).

Монополиялық төмен баға деп, егер осы баға нақты немесе осындай тауарды өндіру және өткізу үшін қажет шығыстар мен пайда сомасынан төмен және Одақ немесе оның шегінен тыс жерлердегі аумақта мұндай нарық болған кезде салыстырмалы тауар нарығындағы бәсекелестік жағдайда қалыптасқан бағадан төмен болса, үстем жағдайға ие шаруашылық жүргізуші субъект (нарық субъектісі) белгілеген баға түсініледі (Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 2-тармағының 13-тармақшасы).

Сондай-ақ, Соттың Үлкен алқасы бұзушылықтың объективті жағын қалыптастыратын нарықта үстемдік ететін шаруашылық жүргізуші субъектінің Шарттың 76-бабының 1-тармағында тыйым салынған мінез-құлқының нәтижесі теріс салдардың – бәсекелестікке жол бермеудің, оны шектеудің, жоюдың және (немесе) басқа тұлғалардың мүдделеріне қысым жасаудың болу мүмкіндігі болуға тиіс. Бұл ретте осындай нарық субъектісінің тарапынан теріс пайдаланушылық соның ішінде монополиялық бағаны қалыптастыру, белгілеу (қолдау) түрінде де көрініс табуы мүмкін.

14. Соттың Үлкен алқасы Комиссияның өз өкілеттіктерін іске асыруы өз құзыретінің шегінде, сондай-ақ Одақ құқығымен белгіленген шарттар мен тәртіп сақталған кезде жүзеге асырылуы тиіс деп есептейді.

Шарттың 74-бабының 2-тармағын орындау мақсатында Одаққа мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (нарық субъектілері) Комиссияның бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі құзыретін айқындау мақсатында Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы № 29 шешімімен нарықты трансшекаралық нарыққа жатқызу критерийлерін (бұдан әрі - Критерийлер) белгіледі.

Шарттың 76-бабында көзделген барлық бұзушылықтарға қолданылатын Нарықтың трансшекаралығын айқындаудың жалпы қағидасы Шарттың 74-бабының 2-тармағында және аталған Критерийлердің 2-тармағында бекітілген. Ол географиялық тәсілге негізделген және егер тауар нарығының географиялық шекаралары екі немесе одан да көп мүше мемлекеттердің аумақтарын қамтыса, нарық трансшекаралыққа жатқызылады.

Бұдан басқа, Критерийлердің 5-тармағында Комиссияның шаруашылық жүргізуші субъектілердің Шарттың 76-бабының 1-тармағында белгіленген тыйым салуларды бұзушылықтардың жолын кесуі үшін қажетті арнайы талаптардың тізбесі қамтылады.

Бұл ретте Соттың Үлкен алқасы Шарттың және оған қосымшалардың ережелері Шартта қамтылатын барлық трансшекаралық нарықтарда тауарды сатып алу нысанына – оның ішінде тауарды сатып алу сатып алу рәсімдерімен алмастырылғандағы жағдайларда (бір көзден не жалғыз өнім берушіден сатып алуды қоса алғанда) олардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі Комиссияның өкілеттіктерін шектемейтінін атап өтеді, өйткені үстем жағдайды иеленетін нарық субъектісінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) тауар айналымының шарттарына әсер ету мүмкіндігін жоққа шығарылмайды.

Бұл тұжырым Шарттың 76-бабының 7-тармағын (Сот алқасының 2020

жылғы 11 ақпандағы № С-3/19 *Делрус I* іс бойынша шешімінің 6.1-тармағы) қолдануға қатысты Сот практикасында бұрын тұжырымдалған құқықтық ұстанымға да сәйкес келеді, оған сәйкес Шарттың XVIII бөлімі ережелерінің және Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың қолданылу аясы ЕАЭО шеңберіндегі бәсекелестікке, шаруашылық қызметтің барлық түрлеріне теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін барлық қатынастарға қолданылады. Ол тек Шарттың XVIII бөлімінің және Хаттаманың тиісті ережелерінде тікелей көрсетілген салалармен ғана (мысалы, қаржы нарықтары) шектеледі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сондай-ақ нақты тауарларды мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу жеке тауар нарықтары болып табылмайтындығын назарға ала отырып, Соттың Үлкен алқасы Комиссияға тауарларды сатып алу рәсімдері арқылы сатып алу орын алатын осы тауарлар айналымының тауар нарықтарының өздерінде бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесу бойынша (оның ішінде үстем жағдайға ие нарық субъектісінің бұзушылықтардың жолын кесу, монополиялық жоғары немесе монополиялық төмен баға белгілеуге, оны ұстап тұруға тыйым салу бойынша) өкілеттік берілген деген қорытындыға келеді. Өзгесі, Соттың Үлкен алқасының пікірінше, Шартқа қатысушы мемлекеттер Одақтың жұмыс істеуінің негізі ретінде белгілеген нарықтық экономика мен адал бәсекелестік қағидаттарының өзін сақтаудың мүмкін еместігіне әкеп соқтырар еді.

Құқықтық қатынастарды реттеу мүше мемлекеттің заңнамасымен белгіленетін сатып алу рәсімдеріндегі бұзушылықтарға келетін болсақ, Шарттың 88-бабы 1-тармағының және Сатып алуды реттеу тәртібі туралы хаттаманың ережелерін ескере отырып, олардың жолын кесу Одаққа мүше мемлекеттің осы саладағы уәкілетті билік органдарының құзыретіне жатады.

15. Бұдан басқа, Шарттың 76-бабы 7-тармағының ережелеріне сәйкес Комиссия Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамада көзделген бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесу тәртібін сақтауға тиіс, Хаттаманың 11-тармағына сәйкес өтініштерді қарау тәртібі, тергеп-тексеру жүргізу тәртібі, істерді қарау тәртібі, өзге де рәсімдік және әдістемелік құжаттар бекітілген.

Комиссияның бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзушылықтардың жолын кесудің белгіленген тәртібін қатаң сақтауы Одақтың бәсекелестік (монополияға қарсы) құқығы саласындағы бақылау функцияларын жүзеге асырудың заңдылығының маңызды және қажетті шарты болып табылады.

Комиссияның трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын нақты бұзушылықтарды анықтауына қатысты Соттың Үлкен алқасы осы жағдайларда шығарылған Комиссия шешімдерінің заңдылығын сот тәртібімен тексеруге болатындығын атап өтті (Сот Статутының 39-тармағының 2-тармақшасы, Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттаманың 14-тармағы).

16. Жоғарыда айтылғандардың негізінде Соттың Үлкен алқасы келесі қорытындыларға келеді:

16.1. Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алулар, оларды жасау тәсіліне қарамастан, жеке тауар нарығы болып табылмайды, бірақ бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары қолданылатын тиісті трансшекаралық тауар

нарығында тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатып алу нысаны болып табылады.

16.2. Комиссияға Шарттың 76-бабы 7-тармағының ережелеріне сәйкес үстем жағдайды иеленетін шаруашылық жүргізуші субъектінің трансшекаралық тауар нарықтарында тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алу нысанына қарамастан, осы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) монополиялық жоғары немесе монополиялық төмен бағасын белгілеу, ұстап тұру фактілерінің жолын кесу жөніндегі өкілеттіктер берілген.

Трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларын бұзудың жолын кесуді Комиссия барлық мән-жайларды ескере отырып, әрбір жағдайда Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамада (Шартқа № 19 қосымша) көзделген тәртіппен жүзеге асырады. Шаруашылық жүргізуші субъект Комиссияның нақты шешімімен келіспеген жағдайда, оған Еуразиялық экономикалық одақ Сотында дау айтылуы мүмкін.

III. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтына орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар:

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян